



**"Жеңіл автомобильдерді жөндеу және қызмет көрсету"
құзыреттілігі бойынша демонстрациялық емтихан
тапсырмалары**



1. Кіріспе

1.1. Кәсіби құзыреттіліктің атауы мен сипаттамасы.

1.1.1 кәсіби құзыреттіліктің атауы: **"Жеңіл автомобильдерді жөндеу және қызмет көрсету"**.

1.1.2. Кәсіби құзыреттіліктің сипаттамасы.

Құзыреттілікке келесі негізгі автомобиль тораптары мен агрегаттары бойынша білім кіреді:

- * Қозғалтқышты басқару жүйесі (бензин)
- * Электр және электронды жүйелер
- * Қозғалтқыш (механикалық бөлік)
- * Беріліс қорабы (механикалық бөлік)
- * Қоректендіру жүйесі

1.2. Қолдану саласы

1.2.1. Әрбір сарапшы мен қатысушы осы конкурстық тапсырмамен танысуға міндетті.

1.3. Ілеспе құжаттама

1.3.1. Бұл конкурстық тапсырмада тек тиісті кәсіби құзыреттілікке қатысты ақпарат болғандықтан, оны келесі құжаттармен бірге пайдалану қажет:

- * "WorldSkills", "жеңіл автомобильдерді жөндеу және қызмет көрсету" техникалық сипаттамасы.
- * "WorldSkills", чемпионатты өткізу ережелері
- * Қабылдаушы тарап - қауіпсіздік ережелері және санитарлық нормалар.

2. КОНКУРСҚА ҚАТЫСУ НЫСАНДАРЫ

Жеке байқау.

3. БАЙҚАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА

Қатысушы "жеңіл автомобильдерді жөндеу және қызмет көрсету" құзыреттілігінің техникалық сипаттамасының бөлімінен таңдалған модульдерді өз бетінше орындауы керек.

2.3.2 "Жеңіл автомобильдерді жөндеу және қызмет көрсету" құзыреттілігінің техникалық сипаттамасы. Әрбір модуль осы бөлімде қамтылған бір немесе бірнеше бөліктен тұруы мүмкін;

Әрбір модуль мыналарды қамтиды:

- * Тапсырманың сипаттамасы;
- * Қатысушыға тапсырманы орындау бойынша нұсқаулық;
- * Қатысушының есеп парағы (қажет болған жағдайда);

* Конкурстық учаске басшысына арналған нұсқаулықтар

4. ТАПСЫРМА МОДУЛЬДЕРІ ЖӘНЕ ҚАЖЕТТІ УАҚЫТ Модульдер мен уақыт 1-ші кестеде жинақталған

1кесте.

№ р/с	Модуль атауы	Рабочее время	Тапсырманы орындау уақыты
А	Қозғалтқышты басқару жүйелері)		60 минут
В	Электрлік(габариттер, дыбыс сигналдары) және электронды жүйелер		60 минут
С	Беріліс қорабы (механикалық бөлік		60 минут
Д	Қозғалтқыш (механикалық бөлік)		60 минут
Е	Қоректендіру жүйесі (бүріккіш)		30 минут

"А" модулі-қозғалтқышты жөндеу және қызмет көрсету (бензин).

Стенд қозғалтқыш (дейсвующий стенд двигатель): ВАЗ-11183

Бұл модульде қатысушы қозғалтқыштың от алдыру жүйесінің, қоректендіру жүйесінің, тұтану (зажигание) жүйесінің ақауларын анықтап, жойып, қозғалтқышты от алдырып, жұмыс жасау барысын сарапшыға көрсетеді. Жұмыс орнын ұйымдастырылуы, құрал-жабдықты дұрыс таңдауы, ұқыпты пайдалануы бағаланады.

"В" модулі-Электрлік (габариттер, дыбыс сигналдары) және электрондық жүйелер.

Лада Гранта автокөлігі

Бұл модульде конкурсқа қатысушыға автокөліктің электр және электронды жабдықтарын диагностикалау, ақауларды анықтау және жою қажет. Автокөлікті от алдырып, сарапшыға тапсыру. Жұмыс орнын ұйымдастырылуы, құрал-жабдықты дұрыс таңдауы, ұқыпты пайдалануы бағаланады.

"С" модулі-беріліс қорабы.

ВАЗ 2110 беріліс қорабы

Конкурсқа қатысушыға беріліс қорабын реттілікпен бөлшектеу, ақауларын анықтау, қажетті өлшеулер жүргізу, ақауларды жою, кері ізділікпен беріліс қорабын құрастыру қажет. Бұрандаларды қатайту сәттерін дұрыс таңдай білуі шарт. Жұмыс орнын ұйымдастырылуы, құрал-жабдықты дұрыс таңдауы, ұқыпты пайдалануы бағаланады.

"D" модулі-қозғалтқыш (механикалық бөлігі).

2.6ABC V6 қозғалтқышы

Қатысушыға қозғалтқышты бөлшектеу, диагностика жүргізу, ақауларды анықтау, қажетті өлшеулер жүргізу, ақауларды жою, дұрыс ретпен құрастыру қажет. Дұрыс қатайту сәттерін таңдаңыз. Жұмыс орнын ұйымдастырылуы, құрал-жабдықты дұрыс таңдауы, ұқыпты пайдалануы бағаланады.

"E" модулі-қоректендіру жүйесі (бүріккіш).

TROMMELBERG құрылғысымен жеңіл автокөліктің бүріккішін тексеру, қажет жағыдайда ультродыбыстық тазалау жұмыстарын жасау.

5. БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Бұл бөлімде бағалау критерийлері және есептелетін ұпай саны (өлшенетін) көрсетілген.

Барлық бағалау критерийлері бойынша тапсырма/модуль ұпайларының жалпы саны 100 құрайды.

2-кесте.

Модульдер белгіленуі	Модульдер атауы	Өлшенетін ұпай саны	Барлық ұпай саны
A	Қозғалтқышты жөндеу және қызмет көрсету	20	20
B	Электрлік және электрондық жүйелер	20	20
C	Беріліс қорабы	20	20
D	Қозғалтқыш (механикалық бөлігі).	20	20
E	Қоректендіру жүйесі (бүріккіш)	20	20
Жиынтығы		100	100

6. ҚАЖЕТТІ ҚОСЫМШАЛАР Модульдердегі тапсырмалар қайталанбайды.

Барлық модульдерді орындау үшін қатысушы жұмыс орнындағы барлық жабдықтар мен құралдарды пайдалануға құқылы. Егер конкурсқа қатысушы модульдердің бірінде тапсырманы орындамаса, ол оған орала алмайды. Егер барлық модульдер негізгі уақытта, толық көлемде жасалса және автомобиль, агрегат, жұмыс күйінде болса, тапсырма орындалды деп саналады. Тапсырманы орындағаннан кейін қатысушы келесі тапсырманы орындау үшін сарапшының рұқсатын алуы керек. Тапсырманың басталу және аяқталу уақытын (кідірістерді қоса алғанда және т. б.) сарапшы қояды. Қатысушы басталу уақыты дұрыс көрсетілгеніне көз жеткізуі керек. Нәтижелерді бағалау әдістемесін сарапшы анықтайды

Арнайы киімі, арнайы аяқкиімі жоқ, жеке бастың қауіпсіздік техникасы, денсаулық сақтау бойынша нұсқаулықтан өтпеген қатысушылар конкурстық тапсырманы орындау алаңына ЖІБЕРІЛМЕЙДІ.

Арнайы киімі, арнайы аяқкиімі жоқ, жеке бастың қауіпсіздік техникасы, денсаулық сақтау бойынша нұсқаулықтан өтпеген сарапшылар, сарапшылық жасау үшін жұмыс алаңына ЖІБЕРІЛМЕЙДІ.